

Сатыбалдин А.С.

КАЗАК ФОЛЬКЛОРИСТИКАСЫНЫҢ МАСЕЛЕЛЕРИ
КАЖИМ ЖУМАЛИЕВДИҢ ИЗИЛДӨӨЛӨРҮНДӨ

Сатыбалдин А.С.

ВОПРОСЫ КАЗАХСКОЙ ФОЛЬКЛОРИСТИКИ В ИССЛЕДОВАНИЯХ
КАЖИМА ЖУМАЛИЕВА

Сатыбалдин А.С.

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ
ФОЛЬКЛОРТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

A. Satybaldin

THE QUESTIONS OF KAZAKH FOLKLORE STUDIES
IN KAZHIM ZHUMALIYEV'S RESEARCH

УДК: 801.81 (574)

Бұл мақалада академик Қажым Жұмалиевтің изилдөө-сүндө Қазақстандық фольклористиканың көйгөйлөрү талқуланат. Фольклористиканың илими талқуланған оқуу жайының бай илимий мұрастарына сереп жүргүзүлгөн. Оқуушытуу эмгектерінде қаралып жатқан Фольклористиканың негизги бағыттары анықталды. Түрк тилдүү элдердин оозеки адабиятының эпикалык жанрларын салыстыруу боюнча иштерге баа берилди. Андан тышкары, мақалада фольклористиканың илимин қалыптандырууга жана изилдөөгө оқуушытуу-адабият таануучулардың салымы жана изилдөө өзгөчөлүктөрү талданды.

Негизги сөздөр: фольклористика, адабият, оозеки чыгармачылык, адабият, жанр, эпос, тил, поэзия, көркөм өзгөчөлүктөрү.

В данной статье рассматриваются проблемы казахской фольклористики в исследованиях академика Кажыма Жумалиева. Произведен обзор богатого научного наследия академика, где рассматривались проблемы науки фольклористики. Определены основные направления рассматриваемых проблем фольклористики в научных трудах ученого. Дана оценка работе по сопоставлению эпических жанров устной литературы тюркоязычных народов. Кроме того, в статье проанализирован вклад ученого-литературоведа в формирование и изучение науки фольклористики, а также специфика исследования.

Ключевые слова: фольклористика, литературный процесс, устное творчество, литература, жанр, эпос, язык, поэзия, художественная специфика.

Бұл мақалада академик Қажым Жұмалиевтің зерттеулеріндегі қазақ фольклортануының мәселелері қарастырылады. Академиктің бай ғылыми мұрасына шолу жасалды, онда фольклор ғылымының мәселелері қарастырылды. Ғалымның ғылыми еңбектерінде қаралған фольклортану мәселелерінің негізгі бағыттары анықталған. Түркі тілдес халықтар ауызыша әдебиетінің эпос жанрларын салыстыра зерделеу еңбегін баға берілген. Сонымен қатар мақалада әдебиеттанушы ғалымның фольклортану ғылымын қалыптастыру мен зерттеуге қосқан өзіндік үлесі және зерттеушілік ерекшелігі де талданған.

Түйінді сөздер: фольклортану, әдеби процесс, ауызыша шығармашылық, әдебиет, жанр, эпос, тіл, поэзия, көркемдік ерекшелік.

This article deals with the problems of Kazakh folklore studies in the research of Academician Kazhym Zhumaliyev. A review of the rich scientific heritage of the academician was made, where the problems of the science of folklore studies were considered. The main directions of the considered problems of folklore studies in the scientific works of the scientist are determined. The work on the comparison of epic genres of oral literature of the Turkic-speaking peoples is evaluated. In addition, the article analyzes the contribution of the literary scholar to the formation and study of the science of folklore studies, as well as the specifics of the study.

Key words: folklore studies, literary process, oral creativity, theory, literature, genre, epic, language, poetry, artistic specificity.

Қажым Жұмалиев – жазушы, ақын, абайтанушы, әдебиеттанушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы (1947), профессор (1950), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961), Қазақстан Ғылым академиясының академигі (1967, 1946 жылдан корреспондент мүшесі)» [1].

Академик Қажым Жұмалиев – қазақ әдебиеттану ғылымының үш саласы: әдебиет теориясы, тарихы мен сынын жете зерттеп, өнімді еңбек етіп, ұлт руханиятын дамытуға өзіндік үлес қосқан ғылыми қайраткер.

XX ғасырдың отызыншы жылдары шығармашылық жолда көрнекті ақын, жазушы және драматург ретінде таныла бастаған Қажым Жұмалиев әдебиеттану ғылымы көшін ілгері дамытуға да белсене араласып, ғылым жолына түседі. Саналы ғұмырын сөз өнерін зерделеу мен ұстаздық қызметке арнаған ғалымның артынан мол ғылыми мұра қалды.

Әдебиеттанушы ғалым Қажым Жұмалиевтің ғылыми еңбектері: «Абай поэзиясының тілі» және «Махамбет» атты ғылыми монография, екі томдық «Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері» зерттеуі, екі томдық «Әдебиет тарихы» еңбегі, «Әдебиет теориясы» оқулығы, «Стиль – өнер ерекшелігі» кітабы және «XVIII - XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті»

оқулық кітабы. Сондай-ақ, Қ.Жұмалиев 1948 жылы Әдебиет және өнер институты даярлаған «Қазақ совет әдебиеті очеркінің» бас редакторы, 1960 жылы алты томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» XVIII-XIX-шы ғасырлар аралығындағы қазақ әдебиетіне арналған 2-ші томы, 1-ші кітабының редакциясын басқарды әрі негізгі авторларының бірі болды. Ол аталған дәуір әдебиетінен мектептің 8-9 сыныптары мен жоғары оқу орындарына арналған қазақ және орыс тілдерінде оқулықтар да жазды.

Академик Қажым Жұмалиев қазақ фольклортану ғылымын зерттеу ісіне де зор еңбек сіңіріп, халықтың ауызша шығармашылығы ілімінің ғылыми тұрғыда қалыптасуына еңбек етті.

Қажым Жұмалиев XX ғасырдың 30 жылдары орта тұсынан-ақ әдебиеттанумен қатар фольклортану ғылымын зерттеуге кіріседі. Әдебиет тарихына қатысты зерттеу еңбектерінде өз дәуірі үшін өте өзекті әрі сындарлы ой-тұжырымдарды ортаға салып, фольклортану мәселелеріне тікелей қатысты тұщымды ой-толғамдарын жазады.

Ғалым Қажым Жұмалиевтің ғылыми зерттеулеріндегі қазақ фольклортану ілімінің негізгі мәселелерін келесідей бағыттарға жіктеуге болады:

1) Мектеп оқулығы негізінде фольклорлық жанрлардың тегі мен табиғатын жүйелеп саралауы;

2) Әдебиет теориясы аясында халық поэзиясы мен прозасының көркемдік ерекшелігі, тіл бейнелігі, образдар жүйесін ғылыми тұжырымдауы;

3) Қазақ фольклорының эпосы, оның типологиясы мен сипат-белгілерін монографиялық деңгейде зерделеуі;

4) Фольклорлық және әдеби үрдістегі дәстүр жалғастығы мен даму тенденциясы туралы зерттеулері.

Филология ғылымының докторы, профессор Қ.Жұмалиевтің фольклористика ғылымы жайлы алғашқы зерттеу еңбегі 1938 жылғы орта мектептің сегізінші класына арналған әдебиет оқулығынан көрініс табады.

Әдебиет тарихы мен сынын зерттеуші академик, Қ.Жұмалиевтің алдын көрген шәкірті Серік Қирабаев та ұстазы жайлы естелік зерттеу мақаласында ғалымның фольклористика саласындағы еңбегін жоғары бағалайды. *«Қажымның бір сала зерттеулері – қазақ халқының ауыз әдебиетімен байланысты. С.Сейфуллин мен М.Әуезовтен кейін Қажым қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеу ісіне аса мол еңбек сіңірді. Ол ауыз әдебиеті материалдарын жүйелеп, тарихи қалыпқа келтіру ісіне белсенді қатысты. Оны алғаш рет өзінің орта мектептің сегізінші класына арналған оқулығында жүзеге асырды.*

Ол қазақтың батырлар жыры, лиро-эпостық поэмалар, тарихи жырлар жайлы зерттеулер жасады. Қазақ әдебиеті тарихының ауыз әдебиетіне арналған бөлімінің де көптеген тарауларын жазды» [2, 284-б.] - деп жазады С.Қирабаев.

Ғалым бұл оқулықты атақты археолог әрі этнология ілімінің білгірі Әлкей Марғұланмен бірге құрастырып, баспадан шығарғаны белгілі. Аталған оқу құралының «Ауыз әдебиетіндегі отан қорғау және патриотизм туралы», «Батырлар жыры», «Лирико-эпос жырлары» туралы Қ.Жұмалиев, ал қалғандарын Ә.Марғұлан мен басқа да ғалымдар жазған. Осы оқулықта академик Қ.Жұмалиев қазақтың ауызша тарап сақталған эпикалық туындыларына классификация жасап, әр жанрлық түрдің өзіне тән ерекшеліктерін саралайды. Фольклорлық эпостарды жанрларға жіктеу мәселесін алғаш көтерген ғалым Қажым Жұмалиев болды. Бұл жайлы белгілі фольклортанушы ғалым, ф.ғ.д., профессор Нартай Жүсіпов: *«кітаптың қомақты жері батырлар жыры, лиро-эпос жырлары мен тарихи жырларға арналған. Эпостық жырларды бұлай жіктеп қарастыру үлгісі бұған дейін болмағанын ескеруіміз қажет»* [3, 235-б.] - деп көрсеткен. Аталған оқулығында Қ.Жұмалиев фольклордың эпикалық жырларының көп варианттылығы, батырлар жырларының туу себептері мен өзіндік ерекшеліктерін былайша топшылайды: *«Қай елдің эпосы болсын белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туатынға ұқсайды және ол бір күн, не бір жылдың ғана жұмысы емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі. Бір батырдың ерлік өмір туралы, не жалғастыра жырланатын көп батырлардың күрестері туралы жырлар талай жылдарды, талай шығарушы, жырлаушыларды бастарынан өткізіп барып халық қазынасына айналады. Қазақ эпостары да осыны аңғартады»* [4, 10-б.].

Әдебиеттанушы ғалым Қажым Жұмалиев мектеп оқулығындағы эпостар туралы зерттеуінде түркі фольклористикасындағы қаһармандық эпостардың көбіне тән негізгі белгілерінің бірі – батырдың ғажайып туысы екендігін көрсете келе, өз пайымын келесі реттік жүйемен сипаттайды: біріншіден, ол эпостардың көпшілігінде бас қаһармандардың тәңірден тілеу арқылы туылған жалғыз ұл болып келетіндігі; екіншіден, әке-шешесі сол ұрпағын бала сүю жасынан өткенде көптеген қиындықтардан кейін барып көретіндігі; үшіншіден, жырлардағы тілеп алған баланың ана құрсағына бітуіне себепші, жарылқаушы әулие-әмбиелер кейде Баба түкті шашты Әзиз немесе Қырық Шілтен; төртіншіден, өмірге келер баланың тегін еместігін аңғартқандай анасының аю, айдаһар,

жолбарыс етіне аңсары ауып, жерік болуы; бесіншіден, дүниеге келген перзенттің күн санап өсіп, алты жасында ат жалын тартып мінуі. Осы айтылғандарының бәрі батырлар жырының негізгі табиғатын ашатын белгінің бірі екені даусыз және ғалым Қ.Жұмалиев аталған ерекшелікті тап басып тани білген дей аламыз.

Әдеби және ғылыми орта Қажым Жұмалиевті ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновтан кейін алғашқылардың бірі болып, әдебиет теориясын терең әрі жан-жақты зерттеген әдебиеттанушы ғалым деп танитыны белгілі. Ол әдебиет теориясымен қатар сөз өнерінің тарихы мен сыны мәселелерін зерделеген ғалым екені тағы анық.

Академик Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде де фольклортану мәселелерін кеңінен қарастырады. Ол әдеби образдарға ғылыми түсініктеме жазу үшін талдау материалы (картотека) ретінде қазақ эпостарындағы басты қаһармандар мен кейіпкерлерді мысалға алады. Эпос қаһармандарының өзіндік сипатына, көркемдік ерекшеліктері мен бейнелеу құралдарына жан-жақты талдау жасайды. Демек, ол әдебиет теориясының образдар жүйесін ғылыми-зерттеу жұмысында халық прозасы мен эпосының классикалық образдары галереясы арқылы талдайды. Осылайша, ғалым халық ауыз әдебиеті персонаждарын фольклористтер ұстанымы бойынша зерттейді.

Ғалым фольклортану ғылымына қатысты зерттеулерін одан әрі өрістетіп, «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» еңбегінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің өзара байланысы мен айырмашылықтарын салғастырып, «ауыз әдебиеті» терминін «фольклор» ұғымы тұрғысында қабылдау тенденциясына жол ашады. Сондай - ақ, ол «*ауыз әдебиетінен жазба әдебиеті туып, қалыптасты*» деген ойын ғылыми мақалаларда жиі жазып қарастырады.

Ғалымның кандидаттық және докторлық диссертациясы негізінде жарық көрген «Махамбет» және «Абай поэзиясының тілі» атты монографияларында фольклорлық дәстүр мен сабақтастық мәселелері туралы зерделі ойлары баяндалған. Ол киелі сөз өнерінің бастауында фольклор ілімі тұру заңдылық дей келе, кез келген шығармашылық тұлғаның нәр алар қайнары фольклорлық мұра деген ойды жеткізеді. Сол сияқты ғалым Қ.Жұмалиев «қазақтың дана да дара ақыны – Абай поэзиясының тілі ұлттық ауыз әдебиетінен сусындап, нәр алған» деген ойды айқын мысалмен дәйектеп сөз қылады.

Әдебиет зерттеушісі Қ.Жұмалиевтің отандық фольклористика мәселелерін барынша ғылыми негіз-

де талдаған тағы бір еңбегі – «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» монографиясы. Бұл еңбекте ғалым фольклор мұрасы – халық эпостарын жинау, бастыру және зерттеу тарихын бір жүйеге келтіре отырып, тұтастай зерттеп, эпостық жанрларды классификациялау, әр түрлі нұсқаларын салыстыра зерттеу ісіне айрықша ден қояды. Бұл монографияда ғалым «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек» классикалық жырларының тарихи шындыққа қатысын, дәуір тынысы мен жырдағы оның көрінісін салыстыра талдайды.

Ғалым Қ.Жұмалиев түркі тілдес халықтар әдебиеті мен фольклорын ілгері дамытуға барынша атсалысқан ғалымдардың бірі десек те артық айтқандық болмас. «*Қажым Жұмалиевтің ауыз әдебиеті туралы соңғы зерттеулерінің бірі – қырғыз халқының атақты эпосы «Манас» жайлы. Шоқан Уалиханов пен М.Әуезовтен кейінгі қазақ әдебиетінде құнды пікір айтқан ғалымдарымыздың бірі – Қ.Жұмалиев болды. Бүкіл жер жүзінде «Манастан» үлкен зор көлемді эпопея болмағандығын дүниежүзілік эпостармен салыстыра отырып, дәлелдеп береді*» [4, 7-б.] - деп жазады п.ғ.к. С.Хайыржанова.

Қорыта айтсақ, академик Қажым Жұмалиев көрнекті әдебиет теоретигі ретінде фольклордың ғылыми аспектілерін өз деңгейінде зерттей алған. Яғни, аса білгір әдебиеттанушы маман – ұлттық фольклордың табиғаты, жанрлық ерекшеліктері мен көркемдік белгілері сияқты басты қасиеттерін зерттеген фольклортанушы ғалым.

Әдебиеттер:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki>.
2. Қирабаев С. Өмір тағылымдары: естеліктер. - Алматы, 2006. - 282-286 бб.
3. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар, 2007. - 381 б.
4. Қ.Жұмалиев әдебиеттану ғылымын зерттеуші ғалым // «Қажым Жұмалиев және қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері»: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында академик Қажым Жұмалиев мұрасына арналған атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конф. матер. - Орал: М. Өтемісов ат. БҚМУ баспа орталығы, 2018. - 12-13 бб.
5. Таирова К.А. Возможности воспитания патриотизма в фольклорных произведениях в школьных учебниках по литературе. Наука, новые технологии и инновации Кыргызстана. 2017. №. 9. С. 191-195.
6. Нажимидинова А.Э. Модель развития у студентов этнопедагогической компетентности на основе фольклора кыргызских детей. Наука, новые технологии и инновации Кыргызстана. 2016. №. 10. С. 291-294.